




Бекітемін:

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-
балдықшасының
директорушiсi.

А.Н. Хожамуратова



Спортшымыз біз

10.05.2021

Дене тәрбие нұсқаушысы: Ы. С. Акынбаев

Шымкент2021

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы
Дене шынықтыру нұсқаушысы: Ы.С.Ақыпбаев

Тобы: «Айгөлею» МАД
Білім саласы: Денсаулық
Білім бөлімі: Дене тәрбиесі
Өтілетін күні: 10.05.2021
Тақырыбы: «Спортшымыз біз»

Мақсаты:

-Балаларға таяқшамен ойналатын кешенді жаттығуларды үйрету, денені тік ұстауға дағдылау және арқа бұлшық етін шынықтыру.

- Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ қол, кеуде бұлшық еттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту. Ертегі кейіпкерлерін жандандыра білуге үйрету.

Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.

Міндеті:

Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.

-Қимылды ойында жылдамдығын арттыруға үйрету, балаларды шыдамдылыққа бейімдеу.

Көрнекіліктері: Үн таспа, үйшік мұляжы, қоян, аю, құрбақа атрибуттары, жатығу жасауға бала санына қарай таяқшалар, қимылды ойынға қажетті құралдар доп, құрсаулар.

Алдын-ала жұмыстар: Спорттық ойындарды ұйымдастыру, ермектер өткізу.

Блингвалдық компоненттер: Ертегіге саяхат-сказочный туризм.

Инклюзивтік әлеумет: Дастанды достарымен еркін қатынас жасауына жағдай жасау.

Қызмет кезеңдері	Нұсқаушы қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушылық қозғаушы қызмет түрі	Музыка ырғағымен балалар спорт залына кіреді. Балалармен сәлемдесу: Балалар бүгін біз «ертегіге саяхатқа шығамыз». Дайынсыңдар ма?	Балалар залға музыка әуенімен сап түзеп кіреді.
	Қиялдаймыз самғаймыз, Кең әлемді шарлаймыз. Ертегіге саяхат Көп күттірмей бастаймыз.	-Дайынбыз деп айтып олең жолдарын айтады.
	Балашылар біз бүгін сендермен бірге, ертегіге саяхатқа барамыз. -Олай болса алдымен саяхат ережесімен таныстырайын: Саяхатқа жалғыз шығуға болмайды. Ол үшін бір – бірлеріңнен қалмауларың қажет. Ұзақ жол жүргендіктен алдымызда аңдар шығуы мүмкін барлығымыз қолымызға таяқша ұстап алайық. Жарайды естеріңе сақталыңдар ма?	Балашылар қатармен барып қолдарына таяқша алады. -Ия.

Ұйымдастыру -
ізденушілік



Еңдеме сапқа тұрамыз! Алға алымда!
Біз бір – бірінің артынан жүреміз
Орман ішімен жүреміз
Күнге қол созамыз
Аяқ ұшынан тұрамыз (аяқ ұшымен жүру)
Енді өкшемен жүреміз.
Алдарынан «қоян» шығып секіреді. (музыка әуесі шығады).
Қане қоянға ұқсап секіреміз. (екі аяқты қосып секіріп жүреді). Ол кетіп қалады.

Алдарынан «құрбақа» шығады.
Бақаға ұқсап жүреміз (отырып тұрып секіріп жүру).

Алдарынан «аю» шығады.
Аюға ұқсап маймандаймыз (аяқтың сыртымен жүру)
Аяқты көтеріп жүреміз
Жолда мұқият боламыз!
Жүгіреміз, жәй жүреміз
Осы жерде біраз отырайық, орманды біз бірге бақылайық. (музыка әуесі шығады).
Сол кезде үйшік пайда болады. -Балалар бұл қай ертедегі үй?



Балалар біз ертегіге де келіп жеттік.
Бұл үйшікте тоқылдатып көрейікші.
Тук, тук, тук бұл үйде,
Кім тұрады үйшікте
Қандай әсем бұл үйшік
Қандай әулім бұл үйшік.
- сол кезде қоян, аю, құрбақа шығады.

-Сәлеметсіңдер ме балалар!

Аю: балалар бізден қорықпандар біз сендермен дос болғымыз келеді. Олай болса балалар бірге таяқшамен жаттығу жасайық.

Таяқшамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары:

- Арақашықтықты сақтап жаттығу жасауға ыңғайлы етіп тұрайық.

1. «Таяқшаны кеуде тұсына» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, таяқша төменде. Таяқшаны алға көтеру, кеуде тұсына әкелу, бастапқы калыпқа оралу. 6 рет қайталау.

2. «Жан-жаққа иілу» Б.қ. тізерлеп тұрып, таяқша

Берілген нұсқауды орындайды.

Балалар таң калып қоянша секіреді.

Балалар таң калып құрбақша секіреді.

Балалар таң калып аю ұқсап жүреді.

-Балалар отырып жан-жаққа қарайды.


-Балалар қуанып бұл үйшік ертегісіндегі деп айтады.

Балалар хормен айтады.
Ретімен бір қатар бойына тұрады, балалар сол кезде қолдарындағы таяқшаларын көтереді.

-Балалар амандасады.
Балалар келіседі.

Балалар бір қатарлы сапмен келіп, залдың ортасынан бір-біреуден ажырап, екі қатарлы сап түзеді.

Таяқшамен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын ретімен зейін қойып орындайды.

	жоғарыда. Оңға иілу, түзелу. Сол жакқа да дәл солай жасау. 4 рет қайталау. 3. «Бұрылулар, таяқша алда» Б. қ. Аяқ иық деңгейінде, таяқша төменде. Оңға бұрылу, Сол жакқа да дәл солай жасау. 6 рет қайталау. 4. «Отырап-тұру, таяқша алда» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, таяқша төменде. отыру, таяқшаны алға созу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. 5. «Таяқшаны жоғары» Б.қ. бастапқыдай. Таяқшаны жоғары көтеру, аяқ ұшына көтерілу, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: М.И. Фонарева бойынша. «Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір-бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтерін, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып, демді шығарады. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы: 1. Қоянша секіріп сәбіз жинаймыз. 2. Құм салынған қалтаны басына қойып екі қолды соза ұстап аюға ұқсап жүру. 3. Бақаға ұқсап құрсаудан секіреміз.	Тыныс алу жаттығуы: М.И. Фонарева бойынша. «Үйшікті» орындап шығады. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасауға кіріседі.
Жетекші-жөндеуші	Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». Мақсаты: Балаларды қоршалған дөңгелектерден секіріп шығаруға допты лақтыруға жаттықтыру. Ойын барысы: Алаңның бір жағында кішкентай құрсауда аңшының орны қоршалған. Екінші жағыда үлкен құрсаулармен қояндардың орындары белгіленеді. Әр қоршауда 2-3 -тен қоян бар. Аңшы қояндардың ізін іздеп жүрген адам сияктанып бір айналып өтеді де, қайтып орнына келеді. Нұсқаушы : «Қояндар жазық алаңға шық»- дейді. Қояндар өздерін қоршаған дөңгелектерден жүгіріп шығып, қос аяқтап секіреді, алаңға қарай жылжиды. Нұсқаушы : «Аңшы»- деп дауыстаған кезде қояндар тоқтайды. Аңшыға арқасымен бұрылады, ал аңшы орнынан қозғалмастан, оларға доп лақтырады. Доп тиген қоян атып өлтірілген болып саналады да аңшы оны атып кетеді. Ойын үш рет қайталанғаннан кейін, аталға қояндардың саны алынады басқа аңшы белгіленеді, ойын жалғастырыла беріледі.	Қимылды ойыннан ентіккен балалар жәй қимылды ойынды ойнап, тыныштық қалпына келеді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Ертегі кейіпкерлерін жандандыра біледі, яғни жүрістерін сала біледі.

Қалыптасқан түсініктер: Берілген тапсырманы мұқият орындауға дағдыланады. Орман аңдарының іс - әрекетін көріп, қимылдарын меңгерді.

Орындаушылық қабілеті: Көрсетілген жаттығуларды жасау. Жалпы жетілдіру жаттығуларын жасайды. Жаттығуларды қызыға орындайды.